

АНА ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫНДА

Орындаған: М-16-1 тобының студенті
Тусупова С.

Тексерген: тіл дамыту пәнінің оқытушысы
Қабылова М.Б.

ЖОСПАР:

- Ана тілі арқылы тәрбиелеу туралы шетелдік ғалымдардың пікірлеріне шолу;
 - Отандық педагогтардың ана тілі арқылы оқыту туралы пікірлері
-

Ана тілін дамытуға үлес
қосқан шетелдік ғалымдар

Ф.Фребель

М.Монтессори

Я.А.Коменский

И.Г.Песталоцци

К.Д.Ушинский



Ян Амос Коменский (1592-1670)

Коменский адам өзінің жетілуіне талапты табиғатқа қатысты заңдарға тәуелді деп есептеді осыған сәйкес құрылған тәрбиенің білімінің және оқытудың жалпы принциптерін іздестірді. Оның ойынша адам ақылымен шыңдалатын шеберхана сияқты орны – мектеп. Мектеп « барлық адамды барлық нәрсеге үйрететін» адамгершіліктің шеберханасы. Коменскийдің ойынша мектеп оқушылардың «адамгершілігін» , «ақылын» тәрбиелеудегі білім мен оқытуды ұйымдастыратын орталық.

Баланың туғанан 6 жасқа дейінгі кезеңдерде әр үйде «Ана мектебі»

1. 6-дан 12 жасқа дейінгі балалар үшін әрбір қауымда «ана тілі» мектебі
2. 12-ден 18 жасқа дейін әрбір қалада латын мектебі.
3. 18-ден 24 жастағы жастар үшін әрбір мектеп «академия» болу керек еді.

Көрсетілген әр сатыдығы оқу бір-бірімен байланысты болды. Сөйтіп, Коменский 17-ғасырдың өзінде бір текті оқыту жүйесі жөнінде демократиялық принцип ұсынды




Иоган Генрих Песталоций (1746-1827)

Элементарлық білім беру әдістемесін ол соншама жеңілдетуге жұмыстанды, яғни, өз баласымен айналысатын кез-келген шаруа-ана онымен ойдағыдай пайдаланатындай болуы үшін мүмкіншілік жасады. Осы мақсатпен балалардың тілін дамыту, оларды санау және өлшеу ептілігін қалыптастыру үшін жаттығулардың бірізді қатарын жасады. Песталоцци баланы ана тіліне үйретуде ең алдымен оларда ауызша сөйлеуді дамыту қажет деп есептеді, ал одан кейін оқуға көшу. Балалардың тілін дамыту, Песталоциидің айтуынша, есту жаттығуларынан, дыбыстардан басталады: балалар анасының сөйлеуіне еліктеп, алғашында дауысты дыбыстарды айтып үйренеді, ал одан кейін әртүрлі буындарды дауыссыз дыбыстарды үйренеді. Одан кейін әріптерді оқып үйренеді, әрі қарай буындарды және сөздерді меңгереді. Песталоцци ана тілін оқытудың негізіне балалардың тілін дамыту қағидасын ұсынды. Песталоцци сауаттылыққа оқытудың негізіне дыбыстық әдісті жатқызуды жақтады. Сонымен, Песталоцци бастауыш білім берудің жан-жақты бағдарламасын белгіледі және іске асырудың нақтылы әдістемелік ұсыныстарын берді. Оқытудың басты негізі, Песталоццише, көрнекілік болып табылады. Көрнекілікті пайдаланусыз, сөздің кең мағынасында, қоршаған орта туралы дұрыс түсініктерді қалыптастыруға, ойлау мен сөйлеуді дамытуға жетуге болмайды деген.

Фредрих Фребель (1782-1852)

Баланың ерте дамуы және оқыту. Фридрих Фребельдің тәрбиелеу методикасындағы негізгі принциптерді қарастырайық.

Ф. Фребельдің негізгі принциптері - «Балалар үшін өмір». Фридрих Фребельдің тәрбиелеу мектебіне 250 жыл болса да оны бүкіл әлемде құрмет тұтып, есте сақтайды. Немістің ұлы педагогы қоғамдық жүйеде мектепке дейінгі балаларды оқытуда балабақша ашқан. Бүгінгі күні біз қолданып жүрген ұғымды осы кісі енгізген. Тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде Фребель тіл деп санайды. Оның айтуынша, ойын әңгіме немесе ән қатыстырылуы арқылы жүргізілуі керек. Сонымен Фребель тәрбиені екіжақты процес ретінде қарастырады, яғни оқушы және оқытушы жағынан. «Нағыз педагог әрдайым шәкіртіне бірдей кезеңде білім беріп, қабылдап және біріктіріп, бөле білу қажет, шыдамдылық танытып, қатал да бола отырып, жұмсақ та болу керек», - дейді.



Мария Монтессори (1872-1952)

М. Монтессоридің әдістерінің принциптері. М.Монтессоридің әдістері әр баланың өмірдегі бірінші күнінен бастап дамуына негізделген.

М.Монтессоридің әдістерінің негізгі мақсаты арнайы дайындалған дидактикалық материалдардың көмегімен баланы жетелеу. Бұған әдіс-тәсілдердің мынандай негізгі принциптері негізілген. Монтессори өзінің балаларды жан-жақты дамыту әдістемесінде бірнеше аймақтарға бөліп қарастырған:


- Шынайы практикалық өмірдің аймағы
- Сенсорлық даму аймағы
- Математика аймағы
- Тілдік аймақ
- Ғарыштық аймақ

Соның ішіндегі тілдік аймақ балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған (онсыз толыққанды интеллектуалды өсу мүмкін емес болғандықтан) тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдық) дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету, т.б қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай – ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйретеді.

Ушинский Константин Дмитриевич(1823-1970)

” Ушинский Халықтық идеяны басшылыққа ала отырып, халық ағарту ісі халықтың қолында болуы керек, ал балаларды оқыту ісі олардың ана тілінде іске асуы қажет, ол халықтықтың ең айқын көрінісі болып табылады деген қорытындыға келді. Балаларды өз ана тілінде оқыту мүмкіншілігінен айыру оларды қолайсыз жағдайға олардың рухани күштері мен қабілеттіктерінің жемісті дамуын қамтамасыз ететін ең негізгі құралынан айырған болар еді.К.Д.Ушинский жанұяда, балалар бақшасында және мектепте оқыту және тәрбиелеуді ана тілінде іске асыруға аянбай табандылықпен күресті. Бұл алдыңғы қатарлы демократиялық талаптар болатынды. Ол басқа тілде оқытатын мектеп балалардың күштері мен қабілеттіктерінің табиғи дамуын тежейді, ондай мектеп балалардың және халықтың дамуы үшін әлсіз және қажетсіз екендігін дәлелдеді. Ушинскийдің пікірінше, ана тілі "халықты әлі де кітаптар, мектептер болмаған кезде де оқытқан және өркениет пайда болғаннан кейінде оны оқытуды жалғастырған ұлы халықтық тәлімгер болып табылады”. Осыдан келіп, ана тілі "негізгі құрал болып табылады, оның көмегімен біз идеяларды, білімдерді меңгереміз, одан кейін шәкірттерге береміз

” К.Д.Ушинский элементарлық білім берудің басты міндеті ана тілін меңгеру деп есептеді. Ушинский ерте кезден бастап, балалардың тілі мен ойын дамыту туралы құнды кеңестер берді, бұл кеңестер күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Тіл дамыту ойлауды дамытумен байланысты екендігін дәлелдеді, ой мен тіл бірлікте болатындығын көрсетті: тіл-ойды сөз арқылы беру. Ұлы классик - педагогтің халықтық идея, ана тілінің болашағы туралы айтқан қағидаларының бүгінде маңызды, күн тәртібінен түспей отырған мәселе екендігін атап өткен жөн. Ұлттық идея, ана тілі мәселесі қай кезде де өміршең, өзекті мәселе болып келгендігін аңғару қиын емес. К.Д.Ушинский "Ана тілі" атты белгілі мақаласында былай деп жазды: Тіл – бұл өмірі өткен, бүгінгі өмір сүріп отырған болашақтағы халықтың ұрпағын бір ұлы тарихи тұтастыққа біріктіретін ең өміршең, дәмді және берік байланыс. Ол тек ғана халықтың өміршеңдігін білдіріп қоймайды, ол өмірдің өзі. Егер халықтың тілі жойылса, халық та болмайды.



Ана тілін дамытуға үлес
қосқан отандық ғалымдар

Ы.Алтынсарин

А.Байтұрсынов

Ыбырай Алтынсарин (1841-1938)

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі . Сонымен қатар Ы.Алтынсарин баланың тілін дамыту үшін халқымыздың әдебиеті бай болу керек деп есептеді яғни баланың тілін түрлі әдеби шығамалар арқылы дамытуға болады деген. Сонымен Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлес қосты.Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И.Ильминскийдің, А.А.Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтің, А.Е.Алекторовтың, Ғ.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы , аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті , әрі байсалды бағасын алды. Қоғамдық ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады. Ұлы ғалым – педагог

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.



Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937)

Ахмет Байтұрсынов - қазақтың тілі мен әдебиетін зерттеген үлкен ғалым

Ахмет Байтұрсынов елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мектепке мұғалім болып жүріп әбден көзін жеткізеді. Ахмет Байтұрсынов ең әуелі қазақ балаларына ана тілінде сауатын ашатын әліппе жазды. Ол әліппе «Оқу құралы» деген атпен алғаш рет 1912 жылы Орынборда басылды. Бұл «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар арасында жеті рет қайта басылып, ұзақ пайдаланылды. Ахмет 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақала жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігі жайында мәселе қозғайды. Бастауыш мектеп бес жыл болсын. Алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жыл орысша оқысын, бірақ бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болсын деген ұсыныстар айтады. Сол кездегі ауыл мектептерінің жағдайы төмен екенін, оларда бағдарлама, оқу құралдарының жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін жазады. «Білімнің басты құралы – кітап» деп келіп, балаларға арнап оқу құралдарын жазу, мұғалімдер даярлау ісіне көңіл аударады. 1926 жылы ол әліппенің жаңа түрін жасады. Бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулықтың үлгісі еді. Кейін мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліп-би» де жазады. (1924-1926) Енді Ахмет мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық жазуға кіріседі. Оны «Тіл-құрал» деп атап, үш кітап етіп жазды. Ол кітаптары 1914-1916 жылдары басылып шықты. 1928 жылдарға дейін өңделіп, 6-7 рет қайта басылды. «Тіл құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген ғылыми жұмыстың басы болды.

• Назарларыңызға
Рахмет!

